

Егемен Қазақстан

 Egemen.kz

**"Қырымның қырық батыры" жырының
"Манастан" несі кем ?**



Дана Абай «адам баласын адам баласынан оздыратын» қасиеттерді санамалап айтып кеткен болатын. Ешқашан маңызын жоймайтын сол қасиеттер қазір тіпті еңселене түскендей. Тәуелсіз Қазақстанды әлем жұртшылығына таныту және мойындату, жаһандану дәуірінде ұлттық құндылықтарды сақтау үшін біз ақыл-санаға, өнер-ғылымға сүйенуге тиіспіз. Бүгініміздің жетістікті болуы – бір меже, ал мақтана көрсетуге молынан татитын көне құндылықтарымызды жеткілікті бағалай алып жүрміз бе? Бір ғана мысал ретінде «Қырымның қырық батыры» эпостық жыры жайлы айтуға болады.

Басынан талай дәуірлер мен дәурендерді өткізген қазақ халқының, төсінен жөңкілген небір тайпалар мен ұлыстарды өткерген қазақ даласының тарихы шымшытырық. Осылардың ішінде біз бір шаңырақ астында болып, 16-шы ғасырдың соңында ыдыраған ноғай-қазақ ұлысындағы психологиялық көңіл-күйді, халықтың нені аңсап-көксегенін «Қырымның қырық батыры» жырлар циклінен аңғарамыз. Дүниежүзілік мәдениет ескерткіші деп есептелінетін ол «ноғайлы жырлары» деп аталады. Оның себебін жоғарыда айтылған қос ұлыстың бірге болуынан деп түсінеміз. Ноғай ұлысы Қазаннан Самарқандқа, Қырымнан Алтайға, Маңғыстаудан Түменге дейінгі аумақты мекен еткендігін ескерсек, жыр қазақ үшін жат емес. Қазақ тілінде жырланып, бірден-бір толық нұсқасы қазақ жырауларының арқасында сақталып, бүгінге жеткендігі де біраз нәрсені аңғартады. Оның үстіне маңғыстаулық ғалым, марқұм С.Қондыбай «Қырым» топониміне қатысты «аңыздық Қырым – 14 ғасырда пайда болған Үстірттің поэтикалық атауы, Үстіртті сол аймақта тұрған түрікпен де, қазақта күні бүгінге дейін «қыр» деп атап келеді. Есен-қазақтар заманында және олардың ыдырап кеткеннен кейінгі жарты ғасыр уақыт ішінде жергілікті фольклорда «Қырым» деп Үстіртті де, оған жапсарлас Маңғыстау түбегін да атайтын болған» деген пікір айтады. Демек, жыр қазақтың да мұрасы, оған иелік етуге қазақтың да құқы бар.

Көлемі жағынан әлемдегі алып жыр «Қырымның қырық батыры» тиісті орындардың құлағына Ұлы Отан соғысы жылдары шалынды. И.В.Сталиннің жүдеген, көңілсіз халықты рухани қолдап, идеологиялық жағынан жігерлендіру мақсатында берілген тапсырмасы негізінде, барлық республикаларда ұлттық құндылықтарға назар аударыла бастады. 1942 жылы КСРО Ғылым академиясы қазақ филиалы Төралқасы төрағасының орынбасары Қ.Сәтбаев пен осы филиалдың Тіл, әдебиет және тарих институтының директоры Н.Сауранбаев Қазақ КСР Халық комиссарлары кеңесінің төрағасы Н.Ондасыновқа мәлімдеме жасап, аталмыш жырды жадында сақтап, бүгінге жеткізген Мұрын жырау Сеңгірбекұлын Алматыға алдырып, жырды аса қиындықпен қағазға түсірттіреді. Осылайша, Мұрын жыраудың көмбе көкірегінде сақталған асыл жәдігер хатталды. Бұған үлкен ықыласпен шүкіршілік етуге тиіспіз. Екі жылдан соң Ташкент қаласында өткен Орта Азия фольклорына қатысты бүкілодақтық ғылымтеориялық конференцияда айтулы кеңестік ғалымдар «Қырымның қырық батыры» жырын «дүние жүзілік маңызы бар жыр» деп бағалады. Сол кездері ғалымдар, әдебиетшілер, тарихшылар тарапынан жырға қызығушылық туып, зерттеуге құштарлық пайда болды. Бастапқыда мифтік аңыз элементтері басымырақ жыр ретінде қарастырылып, тарихи астарына үңілуге айта қаларлықтай ұмтылыс болған жоқ. Бір сюжетті әр жыраудың өзінше құбылта, өз қиялымен дамыта жырлауы жырдың көркемдік-поэтикалық қуатын арттырғанмен, күдіккүмәннің пердесін қоюлата түсті. Қиялдың жыры, аңыздың әңгімесі, жыраулардың ойынан шығарылған оқиғалар, ноғайдың мұрасы деп қарау уақыт өте келе сейіліп, белгілі бір тарихи кезеңнің дүбірі, бағзы дәуір дауысының жаңғырығы, қазаққа да қатысы бар құндылық екендігі мойындала бастады. Халық қиялындағы сырлар бойы тербелген ел мен жерді қорғау, отан сүйгіштік, тәуелсіздік үшін күресудің өксік-сарыны естілді, жауға қарсы атойлаған рухтың лебі есті. Әр түрлі пікір, пайымдардан соң, «Қырық бір батырды қамтитын 36 жырдан тұрады» деп көлемі анықталды. 10 батырды қамтитын «Аңшыбай батыр және оның ұрпақтары», тағы да 10

батыр жайлы сыр шертетін «Қарадөң батыр және оның ұрпақтары», сондай-ақ, 21 батырды баяндайтын «Жеке батырлар» бөлімдері бар екендігі нақтыланды. Кекалу, ел қорғау, тәуелсіздік үшін арпалыстың атадан-балаға жалғасып, жырдың өн бойына генеологиялық сипат беретіндігі айтылды. Тексттік-сюжеттік негізі талқыланып, жырлардың бәрі бір мезгілде жазылмағандығы, әр қайсысының әр заманның туындылары екендігі, Маңғыстауда, одан соң Сарайшықта тұрған қарт жырау Сыпырадан бастап, Абыл, Нұрым, Қашаған, Мұраттар арқылы Мұрынға жеткендігі белгілі болды. Сондай-ақ, жыршылар мен жыраулардың жырды жаңадан ойлап таппай, «14 ғасыр озалдарындағы бас кейіпкерлердің есімдерін ноғайлы тарихында аты мәшһүр болған Едіге және оның ұрпақтарының, т.б. кісілердің аттарына ауыстыра жыр жасағандығы» шамаланды. Жырда айтылатын Шыңғырлау, Қандыарал, Елек, Қызылқұм, Балқан, Боғда, Бесоба, Шат, Егізбұлақ, Қаратүлей, өзге де жер-су атауларын қазіргі қазақ даласынан кездестіруге болады. Әсіресе, Бейнеу ауданы аумағындағы Күйкен ұшқан тауы «Қырымның қырық батыры» жырының менмұндалап тұрған «белгісі». Маңғыстаулықтар арасында он бір би опасыздық жасап кепілге қалдырып қашып кеткен, сөйтіп, қалмақтардың қолынан қаза тапқан Күйкен кейуананың жалғызсы – Манашының құрметіне сол есімді иеленіп жүргендер бар.

«Қырымның қырық батыры» жыры әлі зерттеліп болған жоқ. Тарихи-географиялық тұрғыда және жырда кездесетін салт-дәстүр, діни наным-сенім, батырлардың қалыптасуы мен соғысу әдісі, орындаушылар мектебі мен олардың жырды дамыту шеберлігі секілді алуан қырынан толыққанды зерттеп-зерделеу үшін өз жанашырларын, ізденушілерін күтеді. Біздің айтпағымыз – әлем алдында қазақтың мақтанышына айнала алатын ұланғайыр жырдың, оның орындаушысы, айрықша талант иесі Мұрын Сенгірбекұлының әлі күнге елеусіз қалып келе жатқандығы. Жоқтар жоқтан бар жасап тыраштануға әуес болса, біз барды бағалай алмауға бой үйретіп алған сындымыз.

Ағылшынның «Роланд туралы аңызын», гректің «Илиадасы» мен «Одиссеясын», қырғыздың «Манасын», орыстың «Игорь ж сағы туралы жырын» білеміз, сол арқылы елдерін танимыз. Ал «Қырымның қырық батыры» десе қазақ аты аталатындай дәрежеге неге жете алмай жүрміз? Жоғарыда айтылған Н.Оңдасыновқа жазылған мәлімдемеде Қ.Сәтбаев пен Н. Сауранбаев «Қырымның қырық батыры» бағалылығы жағынан қырғыздың «Манасынан» да асып түсер дүниежүзілік маңызы бар, көлемі жағынан «Манастан» екі есе үлкен, шығыстың ұлы туындысы «Мың бір түннің» өзін кейінге қалдырады» деген болатын. Біздің ойымыз – қырғыз бауырдың бренді «Манасты» мансұқтау емес, 2009 жылы Қытайдағы қырғыз диаспорасы ұсынды деп, Қытай атынан ЮНЕСКО-ға тіркегендігін айту. Біз қытайлық қандастардың қарекетін күтіп жүрміз бе, әлде жырдың кейбір нұсқалары сақталған Ресей өлкесіндегі ноғайларға қарайлаймыз ба? Жұрт біреудің ұлы мұрасын көзәпара «ұрлауға» көшкенде, біз барымызды насихаттаудан неге тартынамыз? Тәжіктер Фирдоуси мұражайын «Шахнама» кейіпкерлерінің мүсіндерімен безендірген. Бұл жай ғана безендіру емес, тарихты таныту, ұлылықты мойындату, рухани мұраларды қастерлеу. Аласапыран Ұлы Отан соғысы кезінде эпосқа қатысты ағалар бастаған істі біз тәуелсіздік тұсында лайықты жалғастыра алмай отырмыз. Бұған дейін ЮНЕСКО қорғауына Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың кесенесі мен Тамғалы петроглиф тас кешені секілді екі мәдени, Сарыарқа – Солтүстік Қазақстан даласы мен көлдері секілді бір табиғи мұрамыз енді. Енді бейматериалдық мұра санатында көлемі, құндылығы жағынан қай талаптарға да сай келетін «Қырымның қырық батыры» эпосы алынса, тақиямызға тар келмес еді. Қазіргі таңда алдын ала тізімде тұрғандар арасында аталмыш жыр жоқ. «Қырымның қырық батыры» жырын насихаттауда қырғыздардан үлгі алуға тиіспіз. Оларда «Манас» жырына Отанды қорғаудың, ерліктің, тәуелсіздік үшін күрестің, ұрпақ тәрбиелеудің ұстыны ретінде қарайтын көзқарас барынша қалыптасқан. Жырды орындаушылар деңгейі мен қабілетіне қарай дәрежеленіп, ұлықталады. Өздері құрметтесе, өзгелер де назар аударады емес пе? Кеңес астрономы Н.Черных ашқан ғаламшарға Манас аты берілді, екі томдық «Манас» энциклопедиясы басылды. Бішкекте

халық аралық әуежай осы атаумен аталып, манасшыларға және жырдың кейіпкерлеріне ескерткіш-мүсін орнатылды. Гиннестің рекордтар кітабына еніп, жырдың 1000 жылдығы ЮНЕСКО шешімімен кең көлемде аталып өтілді. Рухани бағытта бірнеше опералар, кинолар өмірге келді. Осыларға қарап, «Қырымның қырық батыры» өгейсіп тұрғандай болады. Марқұм А.Сейдімбектің аталмыш жырды дүние жүзілік деңгейде түркіге ортақ мәдени мұра ретінде таныту арманы да әзірге адыра қалып тұр... Екінші айтпағымыз – жырдың бірден-бір жеткізушісі, «XX ғасырдың Гомері атанған» Мұрын жыраудың тасада қалуы. Алдымен Мұрын жыраудың ерекше қабілет иесі, оқу-сызусызак осынша жырды жаттап, жадында сақтаған, өз әуен-мақамына сай төгілте жырлаған жырау екендігін мойындау керек. Жырлары жазбаша сақталған Гомерге телу – табиғаттың өзі дарытқан ағыл-тегіл жадтың иесі, тарихи, мәдени мұраны ұзақ жылдар сақтап әкеп, қазақ ауыз әдебиетінің қорына қалдырып кеткен Мұрынға жасалған қиянат. «Күй – Тәңірдің күбірі болса», сөздің киесі, ал жырдың рухы бар. Жамбыл Жабаев түні бойы «Көрұғлыны» орындап, таң сәрі де құманын ұстап далаға шыкса, қарсы алдындағы қарауыта мұнартқан тау үстінде алып қара кісі қарап тұрыпты. Шошынып кеткен Жәкеме «қорықпа, мен туралы жақсы айттың» депті деген ләм бар. Мұрын орындаған батырлар жырында батырлардың рухы сақталған. Мұны Мұрын да түсінген. Көнекөздерден естуімізше, ол әрбір жыр біткен соң, сыртқа шығып дәретін алып келіп келесі жырды бастаған. Ал жырдағы басты кейіпкер – қаһарман қайтыс болса, орындаушы мен тыңдаушылар көздеріне жас алып, оның рухына аят бағыштап алып, қайта жырлауға кіріседі екен. Жырды осыншалықты құрметтеген өзі ұста, өзі жыршы М.Сеңгірбекұлы, сонымен қатар, қазақ жырларын Орта Азия елдеріне насихаттаумен айналысты. Бірақ, бір өзі әдебиетімізге шексіз үлес қосқан ұлы жырауды жеткілікті дәрежеде құрметтеп жүрміз деп айтуға ерте. Ұлтымыздың маңдайына біткен арыстардың мерейтойын ЮНЕСКО көлемінде атап өту қуанышына қол жеткіздік, бірақ бұл санатқа Мұрын енген жоқ. 150 жылдығының республика көлемінде тойланғандығына тәубе дедік. Ақ Кетікте мұражайға айналдырылған жыраудың үйі Т.Шевченконың мұражайымен салыстырғанда, көңілге олқы түсіп тұратындай. Көре білгенге жетіспеушіліктер жетіп жатыр. Осы жерде бізге Фирдоусидің мұражайын ашып, «Шахнама» кейіпкерлерінің мүсіндерін тұрғызған тәжіктердің құнттылығы мен «Манасын» мадақтап, манасшыларын төбеге көтеретін қырғыздардың пысықтығы керек.

М.Сеңгірбекұлы мен «Қырымның қырық батыры» – таусылмайтын тақырып. Шағын мақаланы ол жайларға тереңірек тоқталуға емес, оларды халықаралық деңгейде насихаттау мәселесіне арнауды жөн көрдік. «Қырымның қырық батыры» мен Мұрын жырау ұлтымыздың ұлылары емес деп ешкім айта алмас. Бірақ, насихаттауға ешкім құлықты емес. Неге?

Гүлайым ШЫНТЕМІРҚЫЗЫ
Маңғыстау облысы.